



**Көмекбаева Ш.Т.**

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ  
ТӘУЕЛСІЗДІГІ МЕН  
ЕГЕМЕНДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ  
ЕТУДЕГІ  
КОНСТИТУЦИЯНЫҢ  
МАҢИЗЫ**

*В данной статье рассматривается  
роль и значение Конституции РК  
в обеспечении независимости  
государства и защиты прав и свобод  
граждан.*

*The role and the meaning of constitution of  
RK in securing independence of state and  
defense of rights and freedom of citizens  
are considered in this article.*

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігі мен егемендігі дамуының бастапқы кезеңінде негізгі заңымыз Республикамыздың Конституциясын қабылдады.

Тәуелсіз мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтары және заңды мүделерін қорғау болып табылады. Қазақстан мемлекеті адам жөніндегі халықаралық нормаларды толық қуаттай отырып, оны бұлжытпай жүзеге асыруға толық кепілдік береді. Оның айғағы азаматтардың саяси, еңбек, әлеуметтік және басқа да құқықтарының Қазақстан Республикасының Конституциясында толық, жан-жақты көрініс табуы болып табылады.

Республика Конституциясы адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі. Экономикалық құрылыстың негіздерін айқындады және Қазақстан халқының бостандық, теңдік мұраттарына оның нормаларында айқын көрініс тапты.

Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған және абсолютті деп танылады. Одан ешкім айыра алмайды. Заңдар мен өзге де нормативтік құқық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады. Қазақстан Республикасының Конституциясы қазіргі заманғы тәуелсіз егеменді мемлекеттің барлық атрибуттары жасалынып, оның қызмет ету қағидалары айқындалып берілген. Мемлекеттік ықпал етуге жататын қоғамдық қатынастардың мейлінше маңызды қырларын реттейтін мол заң материалдары жинақталды. Бұдан түйетініміз ұлттық заңдардың басты параметрлері айқындалды және орнықтырылды деуге толық негіз бар.

Қазақстан Республикасында бір ұлт – қазақ ұлты және ондаған ұлттық топтар бар. Олар бірігіп келіп, біртұтас Қазақстан халқын құрайды. Қазақстан Республикасы дербес мемлекет ретінде ұлтына карамастан онда тұратын барлық адамдардың еркіндігіне сәйкес құрылды. Бұл Қазақстанда тұратын және ортақ тарихи тағдырларын біріктірген барлық ұлттар азаматтарының саяси бәтуаласуының орныққанын білдіреді?

Қазақстан халқының тарихи тағдырының бірлігі Қазақстан аумағында ондаған жылдар бойы бірге тұруы нәтижесінде қалыптасты. Сондықтан да олар өткен кезеңдердегі тағдырларының тарихи бірлігін растап қана қойған жоқ, сонымен бірге жаңа қоғамды, жаңа мемлекеттілікті бірлесе құруға ынталы және әзір негізгі мақсат екендіктерін білдірді. Өйткені Қазақстанда азаматтық қоғам құру негізгі мақсат екендігі белгілі. Құрылып



жатқан азаматтық қоғам бостандық, теңдік және келісім мұраттарына адал Мемлекет пен азаматы үшін оның теңдік пен келісім идеясы айрықша маңызды болып табылады.

Осындай деңгейге көтерілу ғана халықтың қоғамның бүгінгі мен болашағы үшін конституциялық саяси жауапкершілігін сезінуін қамтамасыз етеді. Қазақстан халқы мемлекеттік биліктің бірден бір қайнар көзі – егеменді құқығын іске асыруда Конституцияны қабылдады.

Қазақстан халқының егеменді құқығы тек Конституция қабылдаумен тиянақталмайды. Мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін шешу үшін халыққа тән барлық Конституциялық-құқықтық мүмкіндіктерді де өзіне жинақтайды. Құқтар мен бостандықтар Қазақстан мемлекетінің демократиялығы халықтың жоғары саяси-құқықтық мәртебесінен ғана емес, адам мен азаматтың құқықтық жағдайынан да көрініс табады. Конституцияда бекітілген кең ауқымды демократиялық құқықтар мен бостандықтар азаматтарға сөз, ар-намыс еркіндігін пайдалануға мемлекеттік органдардың істерін басқаруға қатысуға, қоғамдық бірлестіктер құруға және т.б. мүмкіндіктер береді.

Ал Конституцияның II-бөлімі адам және азамат, оның құқық, бостандығы мен міндеттеріне тікелей арналған.

Заңға сәйкес Республиканың кез келген азаматының нәсіліне, ұлтына, тіліне, әлеуметтік тегіне, дінге көзқарасына, тағы басқа да белгілеріне қарамастан құқықтар мен бостандықтар теңдігіне кепілдік беріледі. Адам және азаматтық туралы арнайы тарау бар. Азаматтық құқық пен бостандыққа, саяси құқықтар мен бостандықтарға, экономикалық және әлеуметтік құқықтарға ерекше мән беріледі.

Қазақстанда демократиялы, зайырлы құқықтық және әлеуметтік мемлекет құруда – адам оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары жоғары негіз болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекетте барлық салаларда өндіріс пен бөлініс салаларында әлеуметтік әділеттікті орнықтыруға міндетін жүктей отырып, кең ауқымды мақсатты алға қояды. Атап айтқанда, әлеуметтік алшақтықтардың орын алмауына жол бермеу, тұтастай алғанда қоғамда әр адамның тұрақты тұрмыс-тіршілік жүйесін жасау үшін экономиканың, әлеуметтік, демографиялық қатынастарын ақылмен мақсатты түрде реттеу. Заңдарды адамдарға жұмыссыздықтан қорғаудың әлеуметтік қорғанысы, еңбекке жарамсыздардың және басқа да әлеуметтік қамсыздандыруға жағдай жасай отырып, өмірлік сұраныстарды, мүдделерді қанағаттандыруға бағыттау мақсатын алға қойды. Бұл мақсаттарды жоғары қою мемлекеттің адамға қамқорлық, оған материалдық игілік жасаудан артық міндет жоқ екендігін білдіреді.

Мемлекет адам өмірін, оған өзінің де заңсыз әрекеттерден қорғануына мүмкіндік бере отырып, қалыпты тіршілік етуі үшін өзіне қатысты жағдайларды жасауға қол сұғушылықтан қорғауға міндетті. Конституция адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің оларды бірінші кезекте іске асыруға жан-жақты көмек көрсетуі қажеттігін білдіреді. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің басты ілімі және негізгі принципі ретінде адамның табиғи құқығының теориясы негізгі тұжырымдамасы алынған. Осы нормаға сәйкес заң шығарудың, қолданудың басты өлшемі олардың жеке адамдың құқықтары мен бостандықтарына сәйкестігі болып табылады. Сонымен бірге еліміздің құқықтық жүйесінде адамның құқықтары мен бостандықтарын тану институты заң шығарушылардың – экономикалық, әлеуметтік, мәдени және саяси-құқықтық жағынан қорғалу кепілдігін қамтамасыз ету міндеттемесі бар екендігі танылған. Осы бөлімде адам мен азаматтың құқықтық мәртебесі ерекшеленіп адам құқығы тумысынан жазылған болса, азаматтың құқығы кейіннен пайда болғанын көрсете отырылып азаматтың мәртебесі тек құқықтық ұғыммен ғана емес міндеттер ұғымын да қамтитындығын атап айтқанда азамат иеленген саяси билікке деген құқығы осы билікті мемлекеттің осы адамға қатысты құқығының екінші жағы ретінде қосымша негізгі міндетінің болуы қажеттілігімен де ерекшеленеді.

Мемлекет азаматтары барынша кең саяси құқықтық субъектілікті пайдаланады, кейбір жағдайларда өзіндік (дипломатиялық) келісім жасауларынан туындайтын ішінара ерекшеліктері болуы мүмкін. Заңда қарастырылған норма бұзылған жағдайда кері зардаптарға әкеліп соғуы мүмкін жағдайларда құқықтары мен бостандықтарын жеке адамның іске асыруының шегі қарастырылады.

Өркімнің құқық субъектісі ретінде танылуға құқығы бар. Өзінің құқықтары мен бостандықтарын, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға құқылы. Азаматтық құқық қабілеттілік барлық азаматтар үшін бірдей дәрежеде танылатындығымен және азаматтың құқық қабілеті ол туған сәттен бастап болып, ол қайтыс болуымен тоқтатылады. Азаматтың өз іс-әрекеттерімен азаматтың құқықты иелену және оны жүзеге асыру, өзі үшін азаматтық міндеттерді туғызу, оларды орындау оның көмелеттік жасқа келуімен, жасының 18-ге толуымен толық көлемде туады.



Азаматтық заңды құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттіліктен айыру мен шектеуге жол берілмейді, заң актілерімен көзделген реттер мен тәртіптен өзге жағдайларды қоспағанда. Азаматтық құқық қабілеттілігінен немесе әрекет қабілеттілігінен және құқық қабілеттілігін немесе әрекет қабілеттілігін шектеуге бағытталған басқа да мәмілелерден толық немесе ішінара бас тартуы, заңды рұқсат етілген жағдайдан өзге реттерде заңсыз болып табылады.

Бұзылған құқықты қорғау үшін өкімет немесе басқару органына жүгіну заң актілермен өзгеше көзделмеген ретте, құқығын қорғау туралы сотқа жүгінуге кедергі келтірмейді. Конституцияда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сотпен қорғалуына кепілдік беретін маңызды демократиялық бастаулар орнықтырылған және сот билігі сот ісін жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылатыны белгілене отырып, заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең екендігін баяндайды. Құқықтық теңдік жеке адамның қоғамдық қатынастарда субъективтік құқығы мен құқық қабілеттілігінің бостандығы.

Атап айтқанда құқық теңдігі – ол құқық субъектілерінің бәріне бірдей ортақ, бірегей талаптағы, тең дәрежедегі бір-біріне деген еркіндік және тәуелсіздік теңдігі жеке адамның еркіндігінің жалпы ауқымы мен тең дәрежесі. Сот жеке адамның құқығы мен бостандығын қорғайтын негізгі орган болып табылады, өйткені сот-құқықтықтар мен бостандықтары бұзылған, дау туған жағдайда оларды қалпына келтіретін барынша тиімді құрал және конституциялық бақылауды жүзеге асырушы орган. Сот билігі қолданыстағы заңдардың қағидаларын ғана басшылыққа алып, нақты құқық нысандары арасындағы дауды шешіп отыратындықтан оның әрбір тұжырымында заңдылық сипат бар. Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы қыркүйек айында қабылданған «Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасындағы соттар қызметін материалдық-техникалық жағынан, кадрлармен және өзгедей қамтамасыз ету жөніндегі өкілетті орган ретінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанында Сот әкімшілігі комитеті құрылып, жаңа жүйенің құрылымы мен құзыреттіліктері белгіленіп, іске кірісуі сот құқықтық жүйесін одан әрі тереңдетудің дұрыс бағыт алғандығын көрсетіп отыр. Қазақстан Республикасының азаматтарының мемлекет пен саяси құқықтық қатынаста жеке адамның азаматтығына тоқталып өту жөн болар.

Азаматтық – бұл адам мен мемлекет арасындағы тұрақтылық және ұзақтылық сипатпен ерекшеленетін, мемлекет органдары мен лауазымды адамдары арқылы жеке адам мен мемлекет арасындағы өзара құқықтар мен міндеттерді тудыратын құқықтық құбылыс.

Азаматтың нақты елдің азаматтығын алу және өзгерту құқығымен қоса азаматтық субъективтік құқығы ретінде қарастырылады.

Республика азаматтығын қалпына келтіру азаматтық алудың дербес әдісі болып табылады, ол Президенттің шешімі арқылы жүзеге асырылады. Азаматтық алу үшін халықаралық шарттарда көзделген негіздер әртүрлі болуына байланысты жүзеге асу процедурасы да өзгеріледі. Мысалы: (ҚР-да тұрақты тұру үшін келген Ресей азаматына азаматтық алуына жеңілдік беру т.б.).

Қазақстан Республикасының Конституциясының нормаларына сай кепілдікпен қарастырылған адам құқықтары мен бостандықтарын тану және қорғауда еліміздің құқықтық жүйесінде адамның құқықтары мен бостандықтарын тану тереңдетілген маңызды институт. Адам мен азамат құқығының жалпыға бірдей Декларациясында жеке адамның адами құндылығы мен әр адамның өмір сүру құқығы жария етілген. Азаматтың және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіде осы құқықтық бөлінбестігіне, оның заңмен қорғалатынына және өз бетінше өмір қиюға жол берілмейтініне назар аударылған (3,6 баптары). Адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін фактілер мен мән-жайларды жасырғаны үшін Конституция мен лауазымды адамдардың жауаптылығы көзделген. Өмір сүру құқығы тек Конституциямен ғана емес, сондай-ақ салалық заңдармен де қорғалады.

Адамның жеке басының бостандығына құқылығы – табиғи болмысынан туындайтын оның бөлінбейтін, абсолютті құқығы екендігіне көз жеткіземіз. Ол туралы: «1948 жылғы – Адам құқығының жалпыға бірдей Декларациясында – Барлық адамдар еркіндікте және қадір қасиеті мен құқығының тепе-теңдігімен өмірге келеді» жеке бастың бостандығы адамның бүкіл құқықтық мәртебесінің негізін көрсететін, бөлінбейтіндей біртұтас күйдегі құқықтар табына жатабындығымен мағыналы да маңызды. Әр адамның бас бостандығына деген конституциялық құқығын шектеуге тек қылмыстың күресу мүддесінде ғана мемлекеттік шара ретінде жол беріледі. Адамның жеке басының бостандығын шектеу қажеттігі туған кезде арнайы құқықтық кепілдіктер толығымен сақталынуы тиіс. Кімнің де болсын адамды бостандығынан заңсыз айыруы қылмыс деп танылады және сот тәртібімен жазаланады.



Қазіргі өркениетті табиғи даму негізділігіне қол жеткізу үшін ұлт-халық, жеке адам – көпшілік арасынан бірегейі бір – Тұлға болып қалыптасуын бастады. Ұлттың тұлғалылығы – ұлттың және унитарлық мемлекет негізі болса, ол жеке адам тұлғалығы – ұлт айнасы. Мұның екеуінің де анықтаушы – антропологиялық – психологиялық өздеріне тән қасиеттер жиынтығына көз жеткізіп тоқталатын болсақ өркениет даму жолдарына түскен мемлекетке тән тарихи маңыздылыққа ие құнды құжаттарында жеке тұлғаның қадір қасиетіне мемлекетпен қорғалып келген. Адамның қадір қасиеті қорғалуға жататын құндылықты қорғайды, себебі өзін және өзінің жеке тұлғалық жағдайын нақ құқықтық мемлекеттегідей сезінетін кез келген жеке адамға тән.

Қадір-қасиет жеке тұлғаның он мінез-қасиеттерінің жиынтығы ретінде қарастырылады: 1. Бір адамның қадір-қасиетінің екінші бір адам үшін міндетті болып табылатындығын; 2. Қадір-қасиеттің баршаға және әр адамның міндеттілік объектісі ретінде танылуымен; 3. Қанға сіңген қадір-қасиеттің өзінің қадір-қасиетіне деген құқығы мен басқалардікіне деген міндетін ұштастыра білетіндей құқықтық міндеттеу институты десе де болғандай. Қадір-қасиет этикалық санат ретінде қарастырылады. Қадір-қасиет Конституциялық құқықпен де және салалық заңдармен де қорғалады.

Жоғарыдағы қарастырылған Ата заңымыздың талаптарын жүзеге асыру барысында мемлекетіміздің Президентінің басшылығымен және заңды бақылаушы орган ҚР-н Конституциялық Кеңесінің құрылуы негіз бола алады. Конституцияда бекітілген нормалар мен ережелер қоғамдық практикада Конституцияны қорғау үшін құрылған арнайы механизмдер бар болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Әлемдік практикада Конституцияны қорғаудың тағы бір механизмі – конституциялық бақылау қолданылады. Конституциялық бақылау – қазіргі заманғы құқықтық мемлекет құру жолына түскен елдердің күнделікті өмірінің бір сипаты. Оның табиғаты мен қызметі жан-жақты болып, аталған конституциялық бақылаудың мән-мағынасымен анықталады.

Конституциялық бақылау заң әдебиеттерінде заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін арнайы тексеру және Негізгі заңның нормаларын түсіндіру институты ретінде белгілі.

Конституциялық бақылау дүниежүзілік практикада жалпы соттар арнайы конституциялық соттар және сот жүйесіне кірмейтін конституциялық кеңестер, трибуналар арқылы жүзеге асырылғанын көріп жүрміз. Қоғамда құқықтық мемлекеттің мәселелерінің бірі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің конституциялығын тексеру.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 78 бабына сәйкес соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтық құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік актілердегі жолсыздықтарды жою шараларын жүзеге асыруға міндетті болуы тиіс.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл.
2. Республикадағы Конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы ҚР-ы Конституциялық Кеңестің жолдауы // Заң журналы, № 8, 2002. 20-23 б.
3. Омаров Қ. Басты міндет азаматтардың заңды мүдделерін қорғау//«Заң» журналы, №8, 2002. 25-28 б.
4. Жұмахметұлы Е. Ізгі мұратқа жетелеген бес жыл» // «Заң» газеті, 16.10.2002.
5. Оразалинов С. Әлеуметтің құқықтық деңгейін арттыру – маңызды міндет. // «Заң» газеті, 23 қазан 2002 жыл
6. «ҚР-н құқықтық саясат тұжырымдамасы» - ҚР-ы Президентінің жарлығы – Астана, 20 қыркүйек 2002 жыл.
7. Әбдірасұлов Е. Конституцияны түсіндірудің теориялық негіздері мен сағылары // «Заң» журналы, №11, 2002, 36-42бб.
8. Кемалов М. Қазақстанда Конституциялық бақылауды қолдану // «Заң» журналы, №6, 2002.